

Аудандық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 2 наурыздағы № 295 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының мынадай шешімдерінің күші жойылсын:

1) Мұғалжар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 153 "Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 129 "Мұғалжар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3868 санымен тіркелген және 2014 жылғы 15 мамырдағы № 19 аудандық "Мұғалжар" газетінде жарияланған);

2) Мұғалжар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 186 " Мұғалжар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 129 "Мұғалжар ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4173 санымен тіркелген және 2015 жылғы 29 қаңтардағы №4 аудандық "Мұғалжар" газетінде жарияланған).

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
Н.Қалиева

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
С.Салықбаев